

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 13 желтоқсан N 112-II

Мәскеуде 1998 жылғы 6 наурызда жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға күрестегі ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы  
мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы  
күрестегі ынтымақтастығы туралы**

**Келісім**

*Қол қойғандар:*

*Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Украина*

*Ратификациялық грамоталарды тапсырды:*

*Беларусь Республикасы - 1997 жылғы 17 желтоқсанда депонирленген;  
Тәжікстан Республикасы - 1999 жылғы 14 маусымда депонирленген;  
Армения Республикасы - 1999 жылғы 13 тамызда депонирленген;  
Украина - 1999 жылғы 14 қыркүйекте депонирленген;  
Ресей Федерациясы - 2000 жылғы 24 тамызда депонирленген;  
Қазақстан Республикасы - 2001 жылғы 20 ақпанда депонирленген;  
Молдова Республикасы - 2002 жылғы 28 маусымда депонирленген;  
Қырғыз Республикасы - 2003 жылғы 30 қазанда депонирленген.*

*Хабарлама берді:*

*Әзірбайжан Республикасы - 1999 жылғы 13 қаңтарда депонирленген  
(Келісімді бекіту жөнінде Президент  
қол қойған Заңды Парламенттің қабылдауы  
туралы)*

*Келісім 1999 жылғы 14 маусымда күшіне енді*

*Келесі мемлекеттер үшін күшіне енді:*

<i>Беларусь Республикасы</i>	-	<i>1999 жылғы</i>	<i>14 маусымда;</i>
<i>Әзірбайжан Республикасы</i>	-	<i>1999 жылғы</i>	<i>14 маусымда</i>
<i>Тәжікстан Республикасы</i>	-	<i>1999 жылғы</i>	<i>14 маусымда;</i>
<i>Армения Республикасы</i>	-	<i>1999 жылғы</i>	<i>21 қаңтарда;</i>
<i>Қазақстан Республикасы</i>	-	<i>2000 жылғы</i>	<i>13 тамызда;</i>
<i>Украина</i>	-	<i>1999 жылғы</i>	<i>14 қыркүйекте;</i>
<i>Ресей Федерациясы</i>	-	<i>2000 жылғы</i>	<i>24 тамызда;</i>
<i>Қазақстан Республикасы</i>	-	<i>2001 жылғы</i>	<i>20 ақпанда;</i>
<i>Молдова Республикасы</i>	-	<i>2002 жылғы</i>	<i>28 маусымда;</i>
<i>Қырғыз Республикасы</i>	-	<i>2003 жылғы</i>	<i>30 қазанда.</i>

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер өз үкіметтері атынан, бұдан әрі - Тараптар, халықаралық құқық пен Тараптардың ұлттық заңдарының нормаларын негізге ала  
о т ы р ы п ,

заңсыз көші-қонның қоғамдық және ұлттық қауіпсіздікке, экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіре отырып, Тараптар аумақтарындағы қылмыстық ахуалдың өршуіне ықпал ететінін атап өте отырып,

өз азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету өзі үшін басым міндет деп санай отырып ,

заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастықты Тараптар аумақтарындағы көші-қон процестерін реттеудің аса маңызды бағыттарының бірі ретінде қарай отырып және заңсыз көші-қонды болдырмаудың бірлескен шараларын жүзеге асыру мақсатында ,

заңсыз көші-қонға қарсы күресте Тараптардың ынтымақтастығы үшін құқықтық негізді қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,  
мына төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Келісімде қолданылатын терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

"заңсыз көшіп-қонушылар" - келу, кету, болу немесе Тараптардың аумағы арқылы транзитпен жүріп өту ережелерін бұзған үшінші мемлекеттің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ Тараптардың бірінің аумағында болудың оның ұлттық заңдарымен белгіленген ережелерін бұзған Тараптар азаматтары;

"үшінші мемлекет" - осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекет;

"кететін мемлекет" - заңсыз көшіп-қонушы азаматы болып табылатын мемлекет ( азаматтығы жоқ адамдар үшін - оның тұрғылықты орны болған мемлекет) немесе аумағынан заңсыз көшіп-қонушы келген мемлекет;

"келетін мемлекет" - аумағына заңсыз көшіп-қонушы келген мемлекет.

### **2-бап**

Тараптардың бірінің аумағына келген адамдар сол жердің заңдарында белгіленген тәртіппен келген мемлекетінің тиісті органдарына босқын мәртебесін беру туралы өтініш жасаған болса, пана алу немесе осындай мәртебе алу мақсатымен келген оларға Келісім қолданылмайды.

### **3-бап**

Үшінші мемлекеттер азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және Тараптар азаматтарының Тараптардың бірінің аумағына келуі олар бұл Тараптың ұлттық заңдарының келу, кету, болу және транзитпен өту ережелері туралы, сондай-ақ өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар талаптарын орындаған жағдайда мүмкін болады.

Босқындар деп танылған немесе бір Тараптың аумағынан пана алған адамдар басқа Тараптардың аумағына осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес келе алады.

### **4-бап**

Тараптар заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы өзара іс-қимылды мынадай негізгі бағыттар:

көші-қон бақылауы;

мемлекеттер шекарасынан заңсыз өткен, басқа Тараптар аумағында заңсыз болған үшінші мемлекеттер азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды және Тараптар азаматтарын, сондай-ақ Тараптардың бірінің аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу;

заңсыз көшіп-қонушыларды елден шығарып жіберу механизмін жасау;

заңсыз көшіп-қонушылар үшін және заңсыз көші-қонға жәрдем көрсететін адамдардың барлық санаттары үшін жауаптылық саласындағы Тараптардың ұлттық заңдарын үйлестіру;

заңсыз көші-қон туралы ақпарат алмасу;

заңсыз көші-қонға қарсы күрес мәселелерімен айналысатын Тараптардың тиісті органдарының қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша жүргізеді.

### **5-бап**

Тараптардың бірінің аумағында анықталған заңсыз көшіп-қонушылар, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген болса, келген мемлекеттің заңдарына сәйкес шыққан мемлекетіне кетірілуге тиіс.

Егер заңсыз көшіп-қонушылар бір Тараптың аумағына екінші Тараптың аумағынан келген жағдайда, онда олар бұл туралы тиісті айғақтар бар болуымен, соңғысына берілуге тиіс. Осы орайда заңсыз көшіп-қонушыларды беру Тараптардың осы саладағы жекелеген уағдаластықтарына сәйкес жүзеге асады.

### **6-бап**

Тараптар:

көші-қон саласындағы ұлттық заңдар туралы, сондай-ақ олардағы өзгерістер

т у р а л ы ;

жеке басты куәландыратын және мемлекеттік шекарадан өтуге құқық беретін құжаттардың үлгілері, Тараптар аумағына келу, онда болу және одан кету құжаттарының нысандары мен талаптарындағы өзгерістер туралы;

заңсыз көші-қонның, соның ішінде келуге рұқсат қағазын, өзге де құжаттарды алудың және оларды пайдаланудың анықталған арналары, сондай-ақ осы Келісімді орындаудың басқа да мәселелері туралы;

үшінші мемлекеттерге келу-кету және көші-қон жөніндегі барлық келісімдер туралы ақпарат алмасатын болады.

### **7-бап**

Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін алты ай мерзім ішінде Тараптар заңсыз көшіп-қонушылар мен Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңдарына сәйкес осы Келісімге қатысушы мемлекетке келуіне болмайтын адамдар туралы жалпы мәліметтер негізі жөніндегі ережені әзірлейді, сондай-ақ осы Келісімнің 4 және 6-баптарына сәйкес заңсыз көші-қон туралы ақпарат алмасу тәртібін анықтайды.

### **8-бап**

Осы Келісімді орындауға және түсіндіруге байланысты барлық мәселелерді мүдделі Тараптар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар хаттамалар түрінде ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

### **9-бап**

Осы Келісім Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес бекітілуге жатады және үшінші бекіту грамотасы депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Оны кешірек бекіткен Тараптар үшін олар өз бекіту грамоталарын депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

### **10-бап**

Осы Келісімнің Ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған міндеттемелеріне ықпал етпейді.

### **11-бап**

Әрбір Тарап осы Келісім өзі үшін күшіне енген күннен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірмей оны іске асыру жүктелетін болған өкілетті органдардың тізбесін айқындайды және бұл жөнінде депозитарийге хабарлайды.

### **12-бап**

Осы Келісім оның ережелерін қолдайтын барлық Тараптардың келісімімен депозитарийге осындай қосылу туралы құжаттарды беру арқылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Депозитарий мұндай қосылуға келісім туралы соңғы хабарды алған күннен бастап қосылу күшіне енді деп саналады.

### 13-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады, одан кейін әр ретте келесі бес жылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

Әр Тарап депозитарийге шығардан кем дегенде алты ай бұрын бұл туралы жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Келісімнен шыға алады.

1998 жылғы 6 наурызда Мәскеу қаласында бір түпнұсқа дана болып орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке Келісімнің куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Әзербайжан Республикасының*

*Республикасының*

*Үкіметі*

*ерекше көзқараспен*

*Армения Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Грузияның Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы  
мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі  
ынтымақтастығы туралы келісімге  
Әзербайжан Республикасының**

**ерекше көзқарасы**

Әзербайжан Республикасы осы Келісімді толығымен қолдай отырып Республикасының Милли Меджлисінде (Парламентінде) қаралып жатқан Көші-қон туралы заңы қабылданысымен толық көлемде қатысатын болады. Алайда, 4-баптың 5-азатжолы мен 6-баптың 5-азатжолы бойынша өзіне міндеттемелер қабылдамайды.

*Әзербайжан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**ТМД қатысушы мемлекеттері Үкімет  
басшыларының мәжілісі күнгі күн тәртібінің**

**Украинаның ескертпесі**

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісім жөнінде"

1998 ж. 6 наурыз

Келу және кету тәртібін сақтау Тараптар азаматтарына да қолданылады (1-баптың 2-азатжолы).

*У к р а и н а н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Ұсынылып отырған мәтін 1998 жылы 6 наурызда Мәскеу қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтері басшылары Кеңесінің мәжілісінде қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімнің нақты көшірмесі екендігін куәландырамын. Аталған Келісімнің түпнұсқасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы хатшылығында сақтаулы.

*Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
Атқарушы хатшысының бірінші*

*орынбасары*